

С. А. ШИНАЛИЕВА

## ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКА ИНСТИТУТЫНЫҢ ҚАЛЬПТАСУ ТАРИХЫ

Қазақ үшін жоғары оқу орындарының ішінде Қазақтың мемлекеттік қыздар педагогика институтының орны ерекше, қасиетті де қастерлі. Олай дейтініміз, өмірдің бар жақсылығы аナンың атымен байланысты. «Отан ана», «жер ана», «ана тілі» секілді әрбір азаматқа аса қымбат ұғымдардың барлығы да аナンың атымен байланысты. Қыздар институтында оқып, кәсіби білім алатын қыздарымыз – болашақ аналарымыз, олар тек жас ұрпақтың тәлім-тәрбиссіне тікелей үлес қосатын мектеп мұғалімдері ғана емес, сонымен бірге егеменді елдігіміздің бірден-бір кепілі – ана тілімізді ұрпақ бойына дарытушы ардакты жандар. « ұл өссе – ұрпақ игілігі, қыз өссе – ұлт игілігі» дейтін халық даналығы мен Елбасымыз Назарбаевтың « Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» деген уәлі сөзі осының айғағы [1,1].

Ұлттың бойындағы бар жақсы қасиеттерді – тілін, дінін, әдет-ғұрпын, салт-санасын, дәстүрін немересіне, немересінен шебересіне жеткізуши, дарытушы, дамытушы, ерине, әйел – ана. Халқымыздың ырысты ынтымағын, береке бірлігін, туыстың татулығын іске асыратын да, ұйымдастыратын да – әйел-ана.

Кең байтақ ұлы даланы мекендеғен қара орман халқымыздың бір тілде сөйлеп, әдет-ғұрып, салт-дәсүрінін, тіпті мінез-құлықтарының да біркелкі, ұқсас болып келуі бұрынғы өткен қасиетті Домалақ ана, Айша бибі, Жаған бегім, Нұрбике ханым, Айғаным, ұлпан, Зере, ұлжан сындыдан аналарымыздан қалған үлгі [2,3].

Ұлы Қазан социалистік төңкерісіне дейін Қазақстанда халықтың небәрі екі пайызы ғана сауатты болғаны белгілі. Ал қазақ әйелдері мұлдем сауатсызды. Әйелдердің еркектермен бірдей тен құқықта білім алуының өзіндік тарихы да бар. Қазақтың аса көрнекті ағартушылары Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев қазақ әйелдерінің адам тәзгісіз жағдайына, тенсіздігіне, оларды қанауга қарсы шығып, қазақ әйелдерінің бостандығын, қоғамдық-саяси өмірдің барлық саласына еркектермен бірдей тен қатысуын арман етіп, қазактарды ерекек балаларымен бірге мектептерде қыздарын да оқытуға шакырды.

Ыбырай Алтынсарин 1887 жылдың өзінде Ыргызда 20 орындық қыз балалардың мектеп-интернатын ұйымдастырды. Мұнда тұнғыш рет қазақ қыздары оқыды. Оқу колөнер сабағымен қатар

жүргізілді. Мұның өзі Қазақстанда әйелдерге білім беру ісінің өткен ғасырдың 80-ші жылдарда басталғанын, бұл салада қазақтың белгілі ағартушыларының үлкен рөл атқарғанын көрсетеді.

Бірақ Қазақстанда әйелдерге білім беру ісі республикамызда Кеңес өкіметі орнағанға дейін тиісті дәрежеде шешілген жокты.

Ұлы Отан соғыс басталысымен майданға аттанған ер-азаматтардың артында кіндік кескен жері, тұған елі, отбасы қалды. Соғыстың созылуына байланысты, елдегі атқамінер ер-азаматтардың саны азая берді. Болашағының үміті – баласын кан мен оттың ортасына аттандырған қарт ата-ана, жар төсегінде сәбій құшқақтап қалған жас келіншек, әкесін қан майданнан жениспен тоқсан балалардың алдында үлкен қындықтар тұрды. Таңының атуы, күннің батымен ауылда мал, егін шаруашылығы жұмысында, қаладағы өндіріс орындарындағы бүкіл халықтың басты мақсаты соғысқа азық-түлік, киім-кешек, оқ-дәрі аттандыру болды [3,6].

1931–1940 жылдар аралығында Қазақстанда бастауыш, орта мектеп мұғалімдерінің 80 пайызға жуығы ер-азаматтар болған. Олар соғысқа аттанды.

Соғыс басталған жылдары маман тапшылығы орын алып, білім беру саласы тығырыққа тірелді. Ауылдың үлкенде-кішілі мектептерінде соғысқа кеткен ұстаз, ер адамдардың орнын, енді ғана өсіп келе жатқан жас еспірім 7-8-ші сыныптың қыз балалары атқаруға тұра келді. Осы қыздардан мұғалім мамандарын дайындастын оқу орнын ашу қажеттілігі туындағы. Қаңарлы соғыс елі басылмаған кезде, астарында терең мәні бар, алдыңғы болашакты ойлаған, уақыт көп күттірмейтін бұл мәселе-ге халқымыздың аяулы азаматтары Қ. Сәтбаев, М. Әуезов, С. Мұқанов, F. Мұсірепов және I. Омаровтар көп септігін тигізді, ҚазССР Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы Нұртас Ондасынов, көп уақыт аты аталаған, еңбегі еленбей келген Қазақстан Коммунистік партиясының 2-ші хатшысы Жұмабай Шаяхметов және т.б. үкімет басшылар, Алматыда басқа оқу орындарымен катар қазақтың ауылдағы қыздарын оқытатын оқу орнын ашу, қазақ халқының көлешек ұрпағын оқытып, тәрбиеlep, болашақта ұстаз-ана болып, елдің бесігін түзейтін, әр отбасының үйткысы, берекесі болатын қыздарды оқыту

үшін Орталықка, Мәскеудегі үкімет басшысына окуорның ашу туралы қажеттігін айтады. Оған Республикада қажетті оку орны ашылсын: «Қазақ қыздарынан коғамдық өмірге белсене катысып, қазақ халқының мәдениеті мен тұрмыс жағдайын көтеріп жоғары дәрежелі мамандар дайындалсын және оған косымша қаржы бөлінсін» деген жауап алады [4,5].

1944 жылдың сөүір айында КП Орталық Комитеті бюросы мәжілісінде «Қазақ жастарынан жоғары дәрежелі педагог мамандар дайындалсын» деген қаулысы бойынша, сол жылдың 7 маусымында ҚазССР Халық Комиссарлар Кеңесі Ағарту министрлігінде Мемлекеттік Жоспар, Халықтық Қаржы комитеті Қазақ ғндірістік комитеті келісімімен Алматы Мемлекеттік қыздар педагогика институты мен училищесін ашу туралы жобасы, жарғысы, оған жұмсалатын қаржы талқыланады.

Институт ашылуын халқымыздың аяулы қайраткерлері: Қаныш Сәтбаев, Мұхтар Әузов, ғабит Мұсірепов, Илияс Омаровтар қызу колдайды. Мұхтар Әузов: «Тәнір жазса бұл институт қазіргі және болашақтағы қазақ қыздарының үлкен шаңырағы болады. Осы шаңырақтың жарық сәулесі ешқашан сөнбесін», – деп ақ тілегін білдірді [5,20].

Жоба жасалынған соң 1944 жылдың 15 тамыз айында ҚазССР Халық Комиссарлар Кеңесінің қазақ қыздарынан жоғары дәрежелі мамандар дайындау үшін (9 пунктten тұратын) № 457 қаулысы бойынша:

1) Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институты мен М. Мәметова атындағы қыздар педагогика училищесі ашылады.

2) Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институтына құрамында 3 факультет: физика-математика факультетінде 30 студент, тарих факультетінде 30, тіл және әдебиет факультетінде 30 студент-қыздар, педагогика училищесінде 60 студент қабылданады.

3) ҚазССР Комиссарлар Кеңесі Ағарту министрлігінен институтқа косымша 2 жылдық дайындық курсын ашу, оған 60 студент қабылдауды сұрайды.

4) Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институты мен педагогика училищесін және да-йындық бөлімін тамағы, киімі, кітап т.б. керек-жарагы мемлекет қаржысынан қаржыланырылады.

5) Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика училищесі және дайындық бөлімі Гоголь көшесі 119 үйде оқиды, бұрынғы педагогикалық училищесінің оку корпусын босатып, Фурманов көшесіндегі 96 үйді жатақханаға пайдалануға береді.

6) Алматы құрылымынестрінен оку орны үшін 180 стол, 50 орындық, 40 шкаф, 60 тумба, 20 класс тақ-

тасы, 20 киім ілгіш жасату туралы тапсырма береді.

7) ҚазССР Мем. Жоспар комитеті оку орнын 300 адамға арнап жиňяз, төсек-орын жабдықтарымен қамтамасыз етеді.

8) Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институты 76 штаттық орынға, әр айлық қорынан 21000 сомға өндек ақы төлеуді, қазақ педагогикалық училищесіне 45 штаттық орынға 2900 сом-ға айлық телейді.

9) Қазақ ССР Халықтық Қаржы комитетінен осы оку орындарына республикалық бюджеттен 1943 мың сом сұрайды.

Институтқа қабылдауға тиіс 90 студенттің орнына 300 өтініш түскен болатын [6,75]. Бірақ 75 студент, ал дайындық бөліміне 60 студент орнына 25 студент қабылданған. Оку орнына берілген Гоголь көшесі мен Лесная көшесі қызылсызындағы бұрынғы педагогика училищесінің оку корпусының көлемі бар болғаны, 1150 шаршы метрді құрайды. Бұл ғимаратта алғаш 200-ден аса студент қабылданып, оқиды. Ұйымдастыру жұмысының күнінде оның қарай сабақ айттылып жүргендей қырқүйекте емес карашада басталған.

Уш факультетте 9 кафедрадан тұратын институттың ең алғашқы оқытушы құрамы оку жылының 1-ші жарты жылдығында мынадай болды:

Физика-математика факультеті бойынша: 4 оқытушы.

Тіл және әдебиет факультеті бойынша: 6 оқытушы.

Тарих факультеті бойынша: 1 оқытушы.

Басқа пәндер бойынша: 9 оқытушы.

Алғашқы 20 оқытушының бесеуі ғылым кандидаты, сегізі аға оқытушы, жетеуі оқытушы болды. 1945 жылы институтта география факультеті ашылды. Бұл оку жылында мұндағы студент қыздарының саны 187-ге жетті. Бұлардың 54-і дайындық бөлімінің тыңдаушылары еді. Ал 1948 жылы институттағы кафедралар саны 11-ге жетсе, оқытын студенттер 600-ден асты. Солардың бірі – лениндік стипендиант, бұрын макта теруден рекорд жасап, Еңбек Ері атағына ие болған 27 жасар Рыскул Мақатова еді.

Жылдар өткен сайын бірте-бірте институттың оқытушылар құрамы ғылыми атақтары бар ұлағатты ұстаздармен толығып, материалдық-техникалық және оқыту-әдістемелік мүмкіндіктері де арта түсті. 1948–1949 оку жылында оқытушылар құрамында 2 профессор, 20 доцент болды [7,118]. Институтты алғаш ұйымдастырысқан, оған басшылық еткен оку-ағарту ісінің көрнекті өкілі – Құрман Оспанов еді. Ал институтты 1945 жылдан бері 16 жыл бойы

белгілі ғалым Тұрсын Мырзабекова басқарды. Студент қыздардың рухани азығы жинақталатын институт кітапханасы ұйымдастырылып, оның кітап қоры Мәскеу мен Санкт-Петербургтен алдырылған әртүрлі пәндік анықтамалармен, оқытушылардың өз үйлерінен әкелген әдебиеттерімен толықтырыла бастады. Сөйтіп, алғашқы жылы оку ордасының негізгі оқу ғимараты, тағы да үш жатақханасы, екі қабатты жана асханасы, оқытушылар үшін екі түрғын үй салынды.

Педагог – ұлт тәрбиешісі. Ғұлама жазушы Мұхтар Әуезов: « ұлт пен ұлтты, халық пен халықты тенестіретін бір ғана нәрсе – ол білім », – деген екен. Ендеше тәуелсіз еліміздің болашағы мен ұлттағыры мұғалімнің колында. Сондыктan да қазақ халқының алтын бесігі – ұлттық мектептерге маман дайындау – Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институтының ұжымы үшін ерелі, әрі қастерлі міндет.

#### ӘДЕБИЕТ

1. Қайдар Ә. Қыздарын құрметтеген ел едік // Егемен Қазақстан. 2001. 31 шілде.
2. Беркімбаева Ш. Қыз – ұлттың ұяты, халықтың қаймағы // Егемен Қазақстан. 2004. 2 қараша.
3. Илебаева Б. Жылдар сыр шертеді / Ақтоты. 2004. 3 сәуір.
4. Аманжолов К., Беркімбаев Т. Қызғалдақтар, қызғалдақтар ... ( Қазақтың мемлекеттік қыздар педагогика институтының 50 жылдығына). Алматы, 1994.
5. Қазақ қыздарының парасат мектебі. Алматы, 2004.

6. Жаманбаев К. Высшая школа в Казахстане (1920-70). Алматы, 1972.

7. Қунант аева К. К вершинам знаний (Развитие женского образования 1920-1977). Алматы, 1978

#### Резюме

Статья посвящена проблеме женского образования в Казахстане. Автор исследует историю возникновения Казахского государственного женского педагогического института.

#### Summary

The article is devoted to problem of women education in Kazakhstan. Author studies the history of origin the Kazakh State Woman Pedagogical Institute.